



1974 жылы 19 наурызда Алматы қаласында туылған. 1994-1998 жылдары Германия Федеративтік Республикасында «Болашақ» бағдарламасымен оқыған. 3 жоғары білімі бар: педагогикалық, сыртқы экономикалық және музыкалық. Саяси ғылымдарының кандидаты. «Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы» Құрметті профессоры.

Оқуды аяқтағаннан кейін дипломатиялық қызметте болды. 1999-2002 жылдары Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласындағы Бас консулдығында референт, атташе және Берлин қаласында Қазақстан Республикасының ГФР-дағы Елшілігінің экономика бөлімінің 3-ші хатшысы болып істеді.

Оқуды аяқтағаннан кейін дипломатиялық қызметте болды. 1999-2002 жылдары Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласындағы Бас консулдығында референт, атташе және Берлин қаласында Қазақстан Республикасының ГФР-дағы Елшілігінің экономика бөлімінің 3-ші хатшысы болып қызмет атқарды.

2006-2009 жылдары - Қазақстан Республикасы Президенті Протоколының бастығы.

2009 жылдың тамызында Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары болып тағайындалды.

«Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарымен, «Тіл жанашыры» құрмет белгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

Қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколы» кітабы мен «Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін іс-шараларды қамтамасыз ету жөніндегі практикалық нұсқаулық» құралының және саясаттану ғылымының түрлі мәселелеріне арналған бірқатар мақалалардың авторы, «Президенттің бір жылы» кітабының екі басылымының құрастырушысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттары қауымдастығы кеңесінің төрағасы.

ҚазГЗУ қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

Неміс және ағылшын тілдерін меңгерген.

«І сыныпты кеңесші» дипломатиялық рангіне ие, «Нұр Отан» ХДП мүшесі.

Үйленген, екі бала тәрбиелеп отыр.